

**Ауылдық аумақтарды дамыту саласында ұсыныстар әзірлеу жөніндегі
ведомствоаралық комиссияны құру туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 қаңтардағы N 19 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 26 қаңтардағы
№ 34 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 26.01.2018 № 34 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Ауылдық аумақтарды дамыту саласында
ұсыныстар әзірлеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия)
құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Комиссия туралы ереже бекітілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н
Премьер-Министрі

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 6 қаңтардағы
N 19 қаулысына
қосымша

**Ауылдық аумақтарды дамыту саласында ұсыныстар әзірлеу
жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы**

**Ескерту. Құрамға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.03.27. 209, 2007.09.14
. N 804, 2009.10.29 N 1703 Қаулыларымен.**

Күрішбаев - Қазақстан Республикасының Ауыл
Ақылбек Қажығұлұлы шаруашылығы министрі, төраға
Тұңғышбеков - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
Санат Тұңғышбекұлы министрлігі Ауылдық аумақтар істері
комитетінің төрағасы, төрағаның
орынбасары
Трошихин - Қазақстан Республикасы Ауыл
Михаил Васильевич шаруашылығы министрлігінің
Ауылдық аумақтар істері комитеті
төрағасының орынбасары, хатшы

Белихин - Шығыс Қазақстан облысы әкімінің
Иван Васильевич орынбасары
Әбілбекова - Қазақстан Республикасы Экономика
Айгүл Әбілқадырқызы және бюджеттік жоспарлау министрлігі
Өңірлік саясат және бюджетаралық
қатынастар департаментінің директоры
Санатова - Қазақстан Республикасы Білім және
Майра Тақауқызы ғылым министрлігі Орта білім
департаментінің директоры
Исмайылов - Қазақстан Республикасы Денсаулық
Жұмағали Қазыбайұлы сақтау министрлігі Емдеу-алдын алу
жұмысы департаментінің директоры
Епбаева - Қазақстан Республикасы Статистика
Айгүл Тоқтарханқызы агенттігі Өндіріс статистикасы
департаментінің директоры
Щеглова - Қостанай облысы Экономика және
Мария Александровна бюджеттік жоспарлау департаментінің
директоры
Тәшенов - Солтүстік Қазақстан облысы Ауыл
Серік Серғалиұлы шаруашылығы департаментінің
директоры
Әлімов - Ақтөбе облысы Экономика және
Қуантқан Мырзабекұлы бюджеттік жоспарлау департаментінің
директоры
Оразғұлов - Қарағанды облысы Экономика және
Расұл Қабдоллаұлы бюджеттік жоспарлау департаментінің
директоры
Давдрикова - Павлодар облысы Экономика және
Галина Семеновна бюджеттік жоспарлау департаментінің
директоры
Әжіғалиева - Атырау облысы Экономика және
Айгүл Теміртасқызы бюджеттік жоспарлау департаментінің
директоры
Райымбеков - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын
Каналбек Ұтжанұлы басқару агенттігі төрағасының орынбасары
Омаров - Қазақстан Республикасы Ауыл
Тобылбек Есенжолұлы шаруашылығы министрлігінің жауапты хатшысы
Әлібаев - Қазақстан Республикасы Әділет
Айтбай Сүйінбайұлы министрлігінің Халыққа құқықтық көмек

және заңгерлік қызмет көрсетуді
ұйымдастыру комитеті төрағасының
орынбасары
Бекниязов - Қазақстан Республикасы Қоршаған
Болат Қабыкенұлы ортаны қорғау министрлігі
Экологиялық проблемалар, ғылым және
мониторинг департаментінің директоры
Сейітжанов - Ақмола облысы Ауыл шаруашылығы
Аманжол Сейітжанұлы департаментінің директоры
Үсенбаев - Жамбыл облысы әкімінің орынбасары
Ермек Өмірбайұлы
Жұмағалиев - Батыс Қазақстан облысы Экономика және
Ерболат Мұхтарұлы бюджеттік жоспарлау департаментінің
директоры
Шәменова - Қызылорда облысы Экономика және
Балжан Мүрәліқызы бюджеттік жоспарлау департаментінің
директоры
Нұрғалиева - Маңғыстау облысы Экономика және
Халила Хабижанқызы бюджеттік жоспарлау департаментінің
директоры
Алдабергенов - Оңтүстік Қазақстан облысы Ауыл
Қалыбек Құдайбергенұлы шаруашылығы департаментінің директоры
Оразаев - Қазақстан Республикасының Ауыл
Марат Әбілахатұлы шаруашылығы вице-министрі
Былқылов - Қазақстан Республикасы Ішкі істер
Мәжит Текешұлы министрлігінің Әкімшілік полиция
комитеті төрағасының орынбасары
Беков - Қазақстан Республикасы Көлік және
Амангелді Әуезханұлы коммуникация министрлігінің Көлік
инфрақұрылымын дамыту комитеті төрағасының
орынбасары
Кәменов - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
Нұртай Шәмренұлы министрлігінің Су ресурстары комитеті
төрағасының орынбасары
Сақтағанов - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты
Нұрымбет Аманұлы әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон
комитеті төрағасының орынбасары
Баймұратов - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және
Әбілхан Есенұлы байланыс агенттігі Байланыс

департаментінің директоры
Имашев - Қазақстан Республикасы Энергетика және
Тимур Есенғалиұлы минералдық ресурстар министрлігі Газ
өнеркәсібін дамыту департаментінің
директоры
Щегорцова - Қазақстан Республикасы Мәдениет және
Анастасия Геннадьевна ақпарат министрлігі Талдау және
стратегиялық жоспарлау департаментінің
директоры
Сейдуманов - Алматы облысы әкімінің орынбасары
Серік Тұрарұлы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 6 қаңтардағы
N 19 қаулысымен
бекітілген

Ауылдық аумақтарды дамыту саласында ұсыныстар әзірлеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 1149 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында Ауылдық аумақтарды дамыту саласында ұсыныстар әзірлеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия құрылды.

2. Комиссия Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

3. Комиссия өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және Қазақстан Республикасының заңдарын, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2. Комиссияның міндеттері мен функциялары

4. Комиссияның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) ресурстарды экономикалық перспективалы өмір сүретін жерлерге шоғырландыруға мүмкіндік беретін және ауыл халқы кірістерінің қолайлы деңгейін қамтамасыз ететін ауылды оңтайлы қоныстандыру негізінде селоның (

ауылдың) тыныс-тіршілігіне қалыпты жағдай жасауға бағытталған ауылдық аумақтарды дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

2) ауылдық аумақтарды дамыту саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіру жөнінде ұсынымдар әзірлеу.

5. Комиссияның функциялары өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мыналар бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады:

1) ауылдық аумақтарды дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты одан әрі жетілдіру;

2) ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамыту және ауыл халқын қолайлы өмір сүру жағдайларымен қамтамасыз ету;

3) ауылдық аумақтарды экономикалық және әлеуметтік тұрақты дамытуды қамтамасыз ету;

4) ауылдық аумақтарды дамыту саласында орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың, қоғамдық бірлестіктер мен халықаралық ұйымдардың іс-қимылын үйлестіру.

3. Комиссияның құқықтары

6. Комиссияның заңнамада белгіленген тәртіппен өз міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін мыналарға құқығы бар:

1) орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардан және өзге де ұйымдардан Комиссияның міндеттерін іске асыруға қажетті материалдарды сұратуға және алуға;

2) ауылдық аумақтарды дамытудың проблемалық мәселелерін талдау және зерделеу үшін мемлекеттік органдар мен мемлекеттік ғылыми-зерттеу ұйымдарының мамандарын қажеттілігіне қарай тартуға;

3) Комиссия отырыстарында Комиссияның құзыретіне енетін мәселелер бойынша орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың және өзге де ұйымдардың өкілдерін тыңдауға.

4. Комиссияның қызметін ұйымдастыру

7. Комиссияның төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, оның отырыстарында төрағалық етеді, жұмысын жоспарлайды, шешімдерінің іске асырылуын жалпы бақылауды жүзеге асырады және оның қызметіне жауап береді. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын орынбасары атқарады.

8. Комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстар, қажетті құжаттар, материалдар дайындауды және отырыстан кейін хаттама ресімдеуді Комиссия хатшысы жүзеге асырады.

9. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ауылдық аумақтар істері комитеті Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

10. Комиссия отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанында кемінде бір рет өткізіледі.

11. Отырыстардың күн тәртібін, сондай-ақ оларды өткізу уақыты мен орнын Комиссия мүшелерінің келісімі бойынша Комиссия төрағасы айқындайды және нақтылайды.

12. Комиссия шешімдері ашық дауыспен қабылданады және егер оларға Комиссия мүшелері жалпы санының көпшілік дауысы берілсе, қабылданған болып саналады. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданған болып саналады. Комиссия мүшелерінің ерекше пікір білдіруге құқығы бар, ол білдірілген жағдайда жазбаша түрде жазылады және Комиссия отырысының хаттамасына қоса берілуі тиіс.

13. Комиссия шешімдері хаттамамен ресімделеді және ұсынымдық сипатта болады.

5. Комиссияның қызметін тоқтату

14. Комиссия өз қызметін Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің негізінде тоқтатады.